

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(19) шілде-қыркүйек 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромилейл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекоев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАМР 03.20.00.
ӘОЖ 92959 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАР: ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТИ

Әпендиев Т.Ә.¹, Қоңқабаева А.Н.²

¹жетекші ғылыми қызметкері, PhD., кіші ғылыми қызметкер

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты, Алматы қ.

E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru

Аңдатпа. Ресей империясының құрамында болған кезеңде жүргізілген саяси-әкімшілік реформалардың барысында қазақ жеріне өзге ұлт өкілдерін қоныстандыра бастағаны, бұл үдерістің кеңестік дәуірде күшейе түскендігі баршамызға мәлім. Соның нәтижесінде қазақ халқының құрамы өзгерістерге ұшырап, көпұлтты, яғни полиэтникалық сипатқа ие болған еді. Қазіргі кезде Қазақстан территориясында жергілікті қазақ халқынан басқа тұратын ұлт өкілдерінің тарихын, мәдениетін, өмір сүру салтын зерттеудің маңыздылығы зор. Мақалада қазақ жерін ертеден қоныстанған түркі тілдес халықтардың бірі қарақалпақ халқы жайлы баяндалады. Ғылыми мақаланың мақсаты – қарақалпақ халқының этникалық шығу тегі, тілі мен жазуы, қолөнері, киімі, діні мен наным-сенімдері, дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, мерекелері, асханасы мен тағамдары, шаруашылығы, отбасылық дәстүрі туралы мәліметтерді талдау болып табылады.

Түйін сөздер: ассамблея, салт-дәстүр, қарақалпақ халқы, Қазақстан территориясы, ұлт, этнос, этимология

ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАРАКАЛПАКОВ В КАЗАХСТАНЕ

Апендиев Т.А.¹, Конкабаева А.Н.²

¹ведущий научный сотрудник, PhD, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

²младший научный сотрудник, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,

E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru

Аннотация. Как известно, вследствие проводимых политико-административных реформ в период нахождения в составе Российской империи на казахские земли начали переселять представителей других национальностей, данный процесс усилился в советское время. В результате состав казахского народа претерпел изменения и приобрел многонациональный, то есть полиэтнический характер. В настоящее время на территории Казахстана большое значение имеет изучение истории, культуры, образа жизни представителей других национальностей. В статье рассказывается о каракалпакском народе, одного из тюркоязычных народов, населявших казахскую землю с древнейших времен. Цель научной статьи – анализировать сведения об этническом происхождении, языке и письменности каракалпакского народа, ремеслах, одежде, религии и убеждениях, традициях и обычаях, праздниках, столовых и кухнях, хозяйствах, семейных традициях.

Ключевые слова: этнос, этимология, нация, каракалпакский народ, территория Казахстана, ассамблея, традиция.

KARAKALPAKS IN KAZAKHSTAN: HISTORY AND CULTURE**Apendiyev T.¹, Konkabayeva A.²**

¹Leading researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
Almaty,

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

²Junior researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology Almaty,

E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru

Abstract. Askhown, due to the ongoing political and administrative reforms during the stay in the Russian Empire on the Kazakh lands began to relocate representatives of other nationalities; this process has intensified in Soviet times. As a result, the composition of the Kazakh people has changed and acquired a multinational that is multi-ethnic character. Currently, the study of history, culture and lifestyle of representatives of other nationalities is of great importance in the territory of Kazakhstan. The article is told about the Karakalpak people, one of the Turkic-speaking peoples who had inhabited the Kazakh land since ancient times. The purpose of the scientific article is to analyze information about the ethnic origin, language and writing of the Karakalpak people, crafts, clothing, religion and beliefs, traditions and customs, holidays, canteens and kitchens, farms, family traditions.

Keywords: ethnos, etymology, nation, Karakalpak people, territory of Kazakhstan, Assembly, traditions.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы әлемде көпэтносты мемлекеттердің бірі саналады. Қазіргі кезде Қазақстан территориясында 100-ден астам ұлттар мен ұлыстар өкілдері тұрады. Әрбір халықтың өмір салты әдет-ғұрпы мен дәстүрі, еңбек дағдылары жөнінен ерекшеліктері болады. Мұнда жергілікті ұлт қазақтардан басқа орыс, украиндар, белорустар, немістер, өзбектер, ұйғырлар және т.б. ұлт өкілдері тұрады. Қазақтардың көпшілігі республиканың мал шаруашылығы дамыған оңтүстік пен батыс аудандарында қоныстанған. Қазақстан Республикасының конституциясының көрсетуі бойынша мемлекетте мекендейтін ұлттар теңдігі принципін берік ұстанады. Әрбір қазақстандық азамат үшін ұлттық ұстанымдары мен дәстүрін, әдет-ғұрыптарын орындауға жағдай жасалған.



*Александр Мелюевтің «Альбомы», 1928 ж.
Өзбекстан Ғылым академиясы Қарақалпақ
бөлімшесімен алынған, Нұрғис.*

Қазақстан Республикасында мекендейтін халықтар өз теңдігі мен принциптерін берік ұстанады. Олар өз ұлттық болмысы мен мәдениетін берік сақтаған және бұл жолда оларға Қазақстан билігі аса үлкен көлемде ықпал етуде. Ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалу мақсатында Қазақстанның барлық аймақтарында ұлттық-мәдени орталықтар құрылып жұмыс істеуде. Олардың ең бастысы – Қазақстан халықтар Ассамблеясы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында айтқан өзінің ұсынысы негізінде Президент 1995 жылы 1 наурызда Жарлыққа қол қойып, соның негізінде Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы құрылды. Ассамблеяның алдына қойған негізгі мақсаты – елдің бірлігін нығайту, Қазақстандағы әр түрлі этнос өкілдерін бір шаңырақ астына топтастыру болды. Осыған байланысты облыс орталықтарында түрлі этностық мәдени орталықтар құрылды. Ассамблеяның негізгі міндеті – қоғамда диаспоралар арасында өзара қоғамдық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, мемлекет құрушы қазақ ұлтының дәстүрі мен тілін дәріптеу арқылы диаспоралар мәдениетінің сақталуына жағдай жасау, қоғамдық келісімді қолдау және дамыту [1].

Көпэтносты Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге этностардың бірі – қарақалпақ халқы болып саналады. Қарақалпақ халқы ежелден қазақ халқымен бірге өмір сүрген түбірі бір түркі тілдес халықтарынан шыққан туысқан халықтардың бірі болып табылады. Қарақалпақтардың отаны

қазіргі Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстан Автономиялық Республикасы болып, олардың негізгі бөлігі сонда өмір сүреді. Қазіргі кезде қарақалпақ халқы Қазақстанда өмір сүріп жатқан ең негізгі халықтардың бірі болып, ендігі кезде олардың этникалық шығу тегін, діні мен тілін нақтылау және Қазақстан өңірлерінде қоныстануын анықтау мен саралау, сондай-ақ шаруашылығы мен әлеуметтік тарихын, этнодемографиясы мен этномәдени байланыстарының дамуын көрсету көпәтності Қазақстан қоғамы үшін маңызды болатыны анық [2].

Талқылау. Қарақалпақ халқының этникалық шығу тегі мен тарихы туралы М.К. Нұрмұхамедов, Т.А. Жданко, С.К. Камаловтың «Қарақалпаки (краткий очерк истории с древнейших времен до наших дней)» (1971) [2] еңбегінде құнды мәліметтер келтірілген. Онда Рашид ад-Диннің, В.В. Бартольд, Н.А. Аристовтың еңбектеріндегі қарақалпақ атауына, этникалық құрамына қатысты ғылыми теориялары талданған. Мысалы, Рашид ад-Диннің дерегі бойынша, монғол шапқыншылығы кезінде қарақалпақтар «Kavm-i külah-i siyah» (қара қалпақты халық) деген атаумен танылған.

Атақты түркітанушы-филолог Н.А. Баскаков өзінің «Қарақалпақ тілі» (1952) [3] деген еңбегінде қарақалпақ тілінің фонетикалық, лексикалық және морфологиялық құрамын зерттеп, қазақ және қарақалпақ тілдерін салыстыра отырып, екі халықтың этникалық ортақтығын дәлелдейді.

Бұдан басқа И.А. Невская, С.Ж. Тажибаева, Т.А. Козырев, М.Қ. Егізбаева, К.М. Төлеубаева және т.б. қарақалпақ халқының этномәдениетіне, отбасылық дәстүріне, өнеріне қатысты зерттеулері маңызды.

Әдістер

Мақаланы жазуда негізінен талдау, тарихи-салыстырмалы әдісі кеңінен қолданылған. Әсіресе қазақ және қарақалпақ халқының салт-дәстүрі, шаруашылығы, ұлттық мерекелері салыстырмалы түрде талданып, жүйеленіп жазылған.

Нәтижесі

Ғасырлар бойына қазақтармен тарихы мен тағдыры біте қайнасып жатқан қарақалпақ халқының этникалық тарихы өз алдына көлемді бір тарихты құрайды. Қарақалпақтардың шығу тегі, қайдан келгені, қайда пайда болғаны және жалпы этникалық тарихы ғылымда маңызды сұрақтардың бірі ретінде саналады. Әрбір халық пен оның атауының шығуы, тегінің немесе қалыптасу тарихы болғанындай, қарақалпақтардың да өзіне тән этникалық дамуы мен халық атауының этимологиялық пайда болу тарихы бар.

Қарақалпақтар – Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақ Республикасын мекендейтін түркі тілдес халық және Қазақстанда өмір сүріп жатқан 25 түркі халықтарының бірі болып табылады. Тарихшылар мен этнографтардың ғылыми пайымдауы мен пікірінше, қарақалпақтардың арғы тегі – б.з.б. Арыс жағалауынан бастап Жайық өзенінің аралығын, Солтүстік Кавказ бен Дешті Қыпшақ даласына дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте көшіп-қонған тайпаларға саяды. XVI ғасырларда Үлкен Ноғай ордасынан қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары бөлініп шыққан. Қазақ және қарақалпақ түркілері этностық қалыптасу кезеңдерінен бастап қоян-қолтық араласып, саяси-әлеуметтік, экономикалық және тілдік тұрғыдан ығи да өзара ықпалдастықта дамыды. XVIII-XIX ғасырларда жоңғарлардың, орыстардың және аймақта өзге де халықтардың қысымына ұшыраған қазақтармен бірге қарақалпақтар да Орта Азияның ішкі аудандарына ауа көшті. Кіші жүз қазақтарымен күш біріктіріп, қалмақтарды Жайық пен Жем бойынан ығыстырды. Осындай саяси факторлардың негізінде қазіргі ел болып отырған территорияларында тұрақтап қалды. Тағы бір айта кетерлігі қарақалпақтар ноғайлармен өздері өмір сүріп отырған территорияда тұрақтап қалды.

Қарақалпақ халқының этникалық атауы мен этимологиялық атауына келсек, ол туралы бірнеше нұсқаларды ұсынуға болады. «Қарақалпақ» атауы «қара» мен «қалпақ» сөздерінің бірігуінен туған. Жоғарыда көрсеткендей, Рашид ад-Диннің дерегі бойынша, қарақалпақ атауы қара қалпақты халық деген атаумен байланысты. Ерте орта ғасырларда қара бөрікті (Karaborkli) тайпасы Арал теңізі маңында печенег (бажанак) деген атпен өмір сүрген. Ғылыми зерттеулерде қара бөрікті, қарақалпақ және қарақұлахан деген этноним бір мағынада қолданылған. Қарақалпақ атауы туралы келесі бір нұсқалар орыс жылнамаларында «черные клобуки», «чёрный колпак», ал араб дереккөздерінде «karabörkli» атауларымен кездеседі. Бүгінгі қарақалпақ этнонимімен танылып отырған халық, тарихи деректерде, осы атаумен алғаш рет XVI ғасырдың соңында (1578 жылы) аталына бастады [4].

Ұзақ уақыт бойы қарақалпақ халқының шығу тегі туралы нақты тұжырымдама болған жоқ. XX ғасырдың 20-жылдарына дейін олар туралы ғылыми әдебиеттер өте аз болып, олар «қарақалпақ» этнонимін сипаттаудан аспады. Белгілі шығыстанушы Д'Оссон «Монғолдар тарихы» деген еңбегінде Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағын» талдай отырып, орыс жылнамаларында черные клобуки деген атпен белгілі болған халықтың қарақалпақ екендігін анықтайды [5]. Қарақалпақтардың этникалық атауы туралы Н.И. Березин де «Нашествие Батыя» деген еңбегінде сондай қорытындыға келеді.

Қарақалпақтардың этникалық шығу тегі туралы кейбір ғылыми еңбектерде қарақалпақтардың төркіні печенегтерден, қыпшақтардан ізделді. Мысалы мажар түркітанушысы А. Вамбери [6] қарақалпақтардың түпкі шығу негізін печенег деп білсе, кейбір батыс тарихшылары печенегтердің тікелей ұрпағы қарақалпақтар емес ноғайлар деп көрсетіп, қарақалпақтарды қыпшақтардан тарауы мүмкін деген ғылыми болжам жасайды.

Кейінгі зерттеу нәтижелері қарақалпақ этногенезінің қалыптасуында оғыз-печенег, қыпшақ және ноғайлардың үлкен рөл ойнағанын көрсетті. Алайда қарақалпақтарды аталған тайпалардың тікелей ұрпағы деп санау мүмкін емес. Өйткені ғылыми ізденістер бұл халықтың этникалық қалыптасу процесіне жергілікті және басқа да тайпалардың қатыстылығын дәлелдеп отыр. Мысалы сенімді дереккөздер қарақалпақ халқының этникалық құрылымын мынадай онторт уру (он төрт ру) құрайтынын көрсетеді: – анна, құйын, боклы-хытай, мәңжүлі, кырк, черучи, ай-теке, аралбай, беш-сары, кайчилы, еки-шейх, казаяклы, қаңлы, қыпшақ, кенегес, маңғыт. Бұл тізімнен қарақалпақ халқының этногенезінің күрделі екендігін және тарихи қалыптасу үдерісіне көптеген ру-тайпалардың қатысқандығын көруге болады [7].

Қарақалпақтар қазіргі қазақ жерін ертеден қоныстанған деп қорытынды жасауға жоғарыда аталған мәліметтер толықтай мүмкіндік береді. Ол жоғарыда аталғандай Арал маңы мен Амудария мен Сырдың төменгі ағыстары және Орта Азияның шөлді аймақтары болып саналады.

Ең көп таралған нұсқа бойынша, қарақалпақтардың жеке этнос болып құрылуы 1556 жылы Ноғай Ордасының құлап, оның құрамынан бөлініп шыққан «алты арыс» - мүйтен, қоңырат, қытай, қыпшақ, кенегес, маңғыт руларымен байланысты. XVII ғасырдың басында қарақалпақтар Түркістан жерінде үстемдік етуге тырысып, Ташкентпен бірге бірнеше қалаларды басып алады, алайда олардың билеушісі Әбдал Гаппар жалған төре танылып, көп ұзамай қазақ төрелері тарапынан өлтіріледі де, нәтижесінде Қазақ хандығына бағындырылады.

XVII ғасырдың екінші жартысында Сырдарияның орта және төменгі сағасында қоныстанған қарақалпақтар Сібір ханы Күшімнің билігіне мойынсұнады. Сібір хандығының қарақалпақтарға жүргізген үстемдігі Күшік, Жәңгір, Есім Мұхаммет, Қайып, Шайбақ деген хандарының билігімен XVIII ғасырдың екінші жартысында дейін созылды. 1723 жылы жоңғарлардың қазақтарға шабуылы қарақалпақтарға да үлкен шығын алып келді. Қазақты қырғынға ұшыратқан жоңғар шапқыншылығы қарақалпақтарды жоғарғы және төменгі деген екі топқа бөлінуіне әкеп соқты. Жоғарғы қарақалпақтар жоңғарға бағынса, төменгі қарақалпақтар Қазақ хандығынан алыстау

үшін Жаңадарияға көшеді. XVIII ғасырдың соңына қарай қарақалпақтар Хиуа хандығының иелігіне, Әмударияны жағалай қоныс аударады. Осыдан бастап қарақалпақтардың қазақтардың жеріне өтуі кең өріс алады.

XVII-XVIII ғасырларда қарақалпақтар Бұхара, Қазақ, Хиуа және Сібір хандығының саяси және әскери қызметіне белсенді араласып халықтардың наразылық көтерілісіне қатысты. Қарақалпақтардың тәуелсіздік үшін күресі, негізінен, хиуалықтарға қарсы бағытталды. Мысалы 1827 жылы Айдос Би, 1855-1856 жылдары Ерназар Алакөз, 1858-1859 жылдары Мұхаммет Фен бастаған бірнеше ірі көтерілістері болды. 1873 жылы Әмударияның оң жағалауын мекендеген қарақалпақтар Ресей империясының құрамына енсе, сол жағалауындағылар Хиуа хандығының құрамында қалып қойды. Кеңес билігіне дейін қарақалпақтар осылай екі бөлек билік қарамағында болды.


Қарақалпақ автономды облысы ҚазССР құрамында 1924 жылы құрылып, ол 1930 жылы тікелей Кеңес Одағының құрамында деп танылды. 1932 жылы 20 наурызда Қарақалпақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы болып қайта құрылды. 1936 жылғы 5 желтоқсаннан бастап Өзбек КСРО-ның құрамына кірді. 1992 жылдан бастап Қарақалпақстан автономиялық Республикасы Өзбекстан Республикасының қарамағында өмір сүріп келеді.

Қарақалпақтардың негізгі отаны осы Қарақалпақ Автономиясы болып, олар сонымен бірге өзге республикаларға да таралған. Солардың бірі тақырыбымыздың негізін құрап отырғаны сияқты қарақалпақтар Қазақстанда да қоныстанған. Қазақстандағы қарақалпақ диаспорасының шоғырланған орындары, жоғарыда атап өткендей, Қазақстанның қазіргі Маңғыстау, Түркістан, Алматы және Жамбыл облыстарын жайлаған. Демек, қарақалпақтар елдерімен шекаралас қазақ жеріне көптеп қоныстанып отыр. Қарақалпақтар Қазақстанға қашан және не үшін келді деген сұрақтарға нақты жауап беру мүмкін емес. Қарақалпақ халқының туыстас қазақтармен жақын элеуметтік-лингвистикалық байланысы өте ерте кезден жалғасып келеді [8].

Қарақалпақ тілі – Қарақалпақ Республикасының мемлекеттік тілі, қарақалпақ халқының ана тілі, Қазақстандағы қарақалпақ диаспорасының экзогенді тілі болып табылады. Қарақалпақ тілі шығу тегі бойынша Алтай тілдері семьясының түркі тілдер тобына енеді, қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай бұтағына жатады. Қарақалпақ тіліне ноғай тілі мен қазақ тілі жақын. Өзбекстанның Хорезм, Ферғана облысы, Түрікменстанның Ташауыз облысы, Қазақстанның кейбір аймақтарында, Ресейдің Астрахан облысы мен Ауғанстан аумағында мекендейтін қарақалпақтар осы тілде сөйлейді [9].

Түркітанушы-филолог Н.А. Баскаков өзінің генеологиялық жіктемесінде қарақалпақ тілін қыпшақ тобына қосады және қазақ пен ноғай тілдеріне жақындығын ерекше айшықтайды. Ол бұл үш тілді қыпшақ-ноғай топшасында топтастырып, Үлкен Ноғай ордасы кезінде қалыптасқандығын алға тартады. Дегенмен де, қарақалпақ тілінде Орталық Азиядағы Иран тектес халықтардың тілдік элементтері кездеседі, нақты айтқанда хорезмдік өзбек тілінен енген кірме сөздер ұшырасады [3].

Қазақ халқымен тілдік тұрғыда аса жақын болған қарақалпақтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары қазақтардың салт-дәстүріне өте ұқсас. Қарақалпақтардың дәстүрлерінің көбі, негізінен тұрмыстық дәстүрлермен байланысты болып табылады. Халық арасында сақталған ең негізгі дәстүр мен әдет-ғұрыпқа кезек берсек, онда баланың тууынан бастап бесік той, шілдехана, қыркынан шығару, тұсау кесер, сүндет той, үйлену тойы, беташар және осы сынды өзге де салт-дәстүрдің негізгі түрлерін көрсетуге болады [10].



Саукеле әрі қызыл кимешек киген
қарақалпақ моделі.
И. В. Савицкий атындағы мемлекеттік
өнер музейі, Нүкіс.

Дегенмен де қарақалпақ диаспорасының салт-дәстүрлерінде өздеріне тән ерекшеліктер де бар, мысалы ұзатылатын қыздың ата-анасы оның екі қалтасына алты асыл тас немесе қымбат әшекейлер салады, оны күйеу жігіттің әке-шешесі, яғни құдалары бағалап, сол бағаға сатып алады, осы ғұрыптан кейін күйеу жігіт қалыңдығын өзімен алып кете алады. Жаңа түскен келінді қауымға таныстыру, сәлемдестіру мақсатында және оған өсиет айту үшін беташар айтылады. Беташар мазмұны жағынан басқа кейбір халықтардағы жырларға аздап ұқсағанымен, түр, орындалу жағдайы жағынан тек қазақтар мен қарақалпақтарда ғана кездеседі [11].



Карақалпақ халқы өзінің мәдениетін, тарихын, шұғылданған кәсібін, шаруашылығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, ешқашан ұмытқан емес. Сондай дәстүрлі кәсіптерінің бірі қолөнер болып табылады. Қарақалпақтарда қолөнер дәстүрі ерте кезден дамыды. Ерлері көбіне ағаш ұсталығы, ершілік, зергерлікпен, ал әйелдері тоқымашылық, кілем тоқу, киіз басумен айналысты [12]. Ұста шеберханасы «дуқан» деп аталып, ол жер адамдардың бас қосатын беделді кісілер жиналатын орынға айналған.

Ұсталық кәсібі әкеден балаға немесе кіші інісіне мұрагерлікпен қалып отырды, кейде туыс адамдардың балаларын шәкірт қылып алды. Олар бірнеше жыл ұстаның үйінде тегін жұмыс

істеді. Ұстаның құралдарының бастысы төс пен көрік және тағы басқа саймандар болды. Төстен басқа негізгі саймандардың барлығын ұста өз жасады, ал төсті Хиуа, Бұқара, Түркістан немесе Орынбор сияқты Ресейдің қалаларынан жеткізілді.

Киіз үйдің ағаш бөліктерін жасайтын шеберді үйші деп атады. Халық түсінігінде олардың Ибрахим Халил (ең алғашқы киіз үйді жасаушы) деп аталатын қоғаушы пірі болды. Үйді жасауды бастар алдында шебер піріне дұға жасайтын. Үйшілер көбінесе бес, алты, жеті қанатты киіз үйлерді жасады [13].



*Шымылдығы және сыртқы есігі бар қарақалпақ киіз үй
Васильева мен Махова түсірген, 1960 ж.*

Қарақалпақ халқында ағаш өңдеу шеберлері алуан түрлі ауылшаруашылық құралдарын жасаумен айналысты, олардың ең бастылары – ала, шығыр, арба, қайық және т.б. болды. Сонымен қатар, олар үй өндірісінде қолданылатын өрмек, мақта тазалайтын шығыршық, ыдыс сияқты ағаш заттарды жасаумен айналысты, ал кейбір ұсталар өте нәзік шеберлікті қажет ететін музыкалық аспаптарды (дудар, қобыз) жасады.

Сондай-ақ олар көне заманнан бері мал шаруашылығымен, суармалы егіншілікпен және балық аулаумен шұғылданып келеді. Дәнді дақылдардан бидай, арпа, күріш, тары екті, бақша жемістерін, әсіресе жүзім өсірді, әр отбасының өз бау-бақшасы болды. Мысалы, КСРО тұсында Өзбекстанда ауланатын балықтың 90%-ын қарақалпақтар беріп келді. Алайда Арал апатына байланысты балық аулау кәсібі үлкен күйзеліске ұшырады.

Атап отырғанымыздай, қарақалпақтар негізінен егіншілікпен және мал шаруашылығымен, сондай-ақ бау-бақша ісімен айналысады. Бау-бақша мен күнделікті тұрмысқа қажетті болып саналатын арпа, бидай, жүгері, бұршақ, асқабақ, пияз, тары өсіреді. Су жетпеген жерде жасанды суғару жүйелерін жүргізіп, диханшылықпен де танымал болған. Кеңес үкіметінің орнаған жылдарынан бастап қарақалпақтардың мемлекет үшін өндірген басты шаруашылық өнімдері мақта мен күріш болды. Қазақстанда тұратын қарақалпақтар егіншілік пен мал шаруашылығына қатысты аталып отырған барлық шаруашылық түрлерін жетік меңгерген. Соның негізінде олар кеңестік кезеңде және қазіргі уақытқа дейін қой мен сиырлар өсіріп, өздерін етпен, сүтпен, терімен қамтамасыз етіп отырады. Қарақалпақ шаруашылықтағы басты ерекшеліктерінің бірі ол түйе өсіру болды. Арал маңын мекендеген олар алыс шөл далада түйе өсіруді өте терең меңгерген.

Сонымен қатар қарақалпақтардың мәдени шаруашылығының басты түрлерінің бірі киім тігу болды. Қарақалпақтардың ұлттық киімдері қазақ және өзбек халықтарыныкіне өте ұқсас. Бұған

осы халықтардың географиялық және мәдени жақындығы ықпал еткені айтпаса да түсінікті. Алдымен ұлттық киімдерден бастасақ, қарақалпақтарда Ұлттық киім үлгілері тек үлкен буын өкілдерінде көрінді. Көне қарақалпақ киімдері өте сәнді, әсіресе әйелдердің бас киімдері мен жамылғылары алуан түрлі болды. Көне қарақалпақ киімдерінің жұрнағын тек қазіргі әйел көйлектерінен ғана байқауға болады [14].



*Қрлықдық костюміндегі қарақалпақ
модель, 1930 ж. шамасы
И. В. Савицкий атындағы мемлекеттік
өнер музейі, Нүкіс.*

Қарақалпақ халқы орта азиялық түркі халықтарының бірі болғандықтан, ол да өзге түркі тілдес халықтармен бірге Ислам дінін сонау орта ғасырларда қабылдаған. Орта Азияда исламның дамуы олардың да діни өмірін өзгерткен және дамытқан. Қазіргі таңда қарақалпақтардың барлығы Исламның Ханафи мазхабын ұстанатын суннит мұсылмандары болып табылады. Олардың ислам дінін қабылдай бастауы нақты белгілі болмаса да, зерттеушілердің болжауынша, қарақалпақтар да басқа түркі халықтары секілді X-XIII ғасырларда мұсылмандықты қабылдады. Халықаралық жобаның сауалнамасына қатысқандардың 86,5%-ы ислам дінін ұстанып, діни әдет-ғұрыптарды орындайтындарын және тек мұсылмандармен некелесетінін білдірді.

Өзге ортаазиялық халықтардағы сияқты қарақалпақтарда да отбасындағы әйел адамның орны көбінесе оның өндіріске қатысуына байланысты болды. Осы тұрғыдан алғанда регион халықтарын екі үлкен топқа бөлуге болатын сияқты. Бірінші топқа мал шаруашылығымен айналысқан, көшпелі немесе жартылай көшпелі тұрмыста өмір сүрген қарақалпақтардың басым көпшілігін жатқызамыз. Әдетте мал шаруашылығында – малды сауу, төлін күту, мал өнімдерін шығару, өңдеу жұмысында әйел затының алатын орны маңызды. Қоғамдық өндірістегі орнына

қарай бұл халықтардың әйелдерінің отбасындағы орны да аса төмендетілген жоқ. Олар отырықшы-қалалық халықтардағы сияқты қапаста өмір сүрмеді, бетін пердемен жаппады. Патриархалдық, исламдық заңдар бойынша осылай істеу керек болса да көшпелі тұрмыста оған жағдай болмады. Сондықтан көшпелі, жартылай көшпелі, негізінен мал шаруашылығымен айналысқан халықтарда әйелдің қоғамдағы, отбасындағы орны отырықшыларға, қалалықтарға қарағанда объективті түрде жоғары болды [15, 21 б.].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қарақалпақ халқы өзінің бай мәдениетімен, салт-дәстүрімен, этнографиялық бай мұрасымен ерекшеленіп, ол қазіргі кезге дейін өзінің қаймағын бұзбай келеді. Соның ішінде Қазақстандағы қарақалпақ этносының да өзіндік тарихы қалыптасып, ол да еліміздегі өзге этностар арасындағы тарихи-мәдени процестердің бір бағытын құрап отыр. Басты қорытындылардың бірі ретінде қарақалпақ халқының қазақ халқына тек тілдік тұрғыда ғана жақын еместігін айтуға болады. Өйткені, қарақалпақ халқының салт-дәстүрі мен шаруашылығы, колөнері мен мәдениеті қазақ халқына өте ұқсас болып, кейбір салаларда тіпті бірдей көрінеді. Тақырыптың басты қорытындыларының бірі қарақалпақ халқы өзінің бай тарихи, мәдени мұрасымен түркі және Орталық Азия халықтарының ішінде алдыңғы қатардағы халық екеніне көз жеткізілді. Өзінің тарихы, тілі, мәдениеті және басқа да ерекшеліктері арқылы Қазақстанда және әлемде өмір сүріп отырған этностар арасында этнографиясы бай халықтардың бірі саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Н. Назарбаев – основатель казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия / Под ред. Ж.А. Алиева. – Алматы, 2005. – 212 с.
2. Нурмухамедов М.К., Жданко Т.А., Камалов С.К. Каракалпаки (краткий очерк истории с древнейших времен до наших дней). – Ташкент, 1971. – 120 с.
3. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Том II. Фонетика и морфология. Часть первая. Части речи и словообразование. – М.: Изд-во АН СССР, 1952. – 544 с.
4. Ахмедов Б., Историко-географическая литература Средней Азии XVII-XVIII вв, II. Писменные Памятники. – Ташкент: Фан, 1985. – 264 с.
5. История Каракалпакской АССР: с древнейших времен до наших дней. – Ташкент: "Фан" 1986 – 364с.
6. Арминий Вамбери. Путешествие по Средней Азии. пер. З. Д. Голубевой. – Москва: Восточная литература, 2003.
7. Мамедов Н. Каракалпакская литература. – Баку: Мутарджим, 2007. – 295 с.
8. Невская И.А., Тажибаева С.Ж., Козырев Т.А. Тюркские этносы Казахстана: текущее состояние и динамика развития // GLOBAL-Turk, 2017. - №1-2.
9. Тенишев Э.Р. (Отв. ред.) Языки Мира. Тюркские языки. - Бишкек: Кыргызстан, 1997. – 543 с.
10. Тұрмағамбетова Б. Қазақстандық қарақалпақтардың салт-дәстүрі мен музыкалық өнері // Ahiska, - 2013. – С. 6.
11. Борозна Н. Г. Некоторые черты традиционной свадебной обрядности узбеков-дурменов южных районов Таджикистана и Узбекистана // СЭ. - 1969. - № 2. - С. 80-86.
12. Массон М.Е. К истории горного дела на территории Узбекистана. – Ташкент: Узбекгосиздат, 1953. – 231 с.
13. Этнография каракалпаков. XIX-начало XX века (материалы исследования). – Ташкент: Фан, 1980. – 203.
14. Егізбаева М.Қ. Өзбек және қарақалпақ халықтарының этномәдениеті. // «edu.e-history.kz». - 2016. - № 4(08).
15. Төлеубаева К.М. Қазақ және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу): т.ғ.д. ... дисс. авторефераты. – Алматы. 2010. – 60 б.

Referenses

1. N. Nazarbaev – osnovatel qazaqstanskoi modeli mejetnicheskogo i mejkconfessionalnogo soglasiia / Pod red. J.A. Aieva. – Almaty, 2005. – 212 s.
2. Nýrmýhamedov M.K., Jdanko T.A., Kamalov S.K. Karakalpaki (kratkii ocherk istorii s drevneishih vremen do nashih dnei). – Tashkent, 1971. – 120 s.
3. Baskakov N.A. Karakalpakskii iazyk. Tom II. Fonetika i morfologiiia. Chast pervaia. Chasti rechi i slovoobrazovanie. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1952. – 544 s.
4. Ahmedov B., Istoriko-geograficheskaiia literatura Srednei Azii XVII-XVIII vv., II. Pismenniye Pamiatniki. – Tashkent: Fan, 1985. – 264 s.
5. Istoriiia Karakalpakskoi ASSR: s drevneishih vremen do nashih dnei – Tashkent: «Fan» 1986 – 364 s.
6. Arminii Vamberi. Puteshestvie po Srednei Azii. per. Z.D. Golubevoi. – Moskva: Vostochnaia literatura. 2003 g.
7. Mamedov N. Karakalpakskaiia literatura. – Baku: Mutardjim, 2007. – 295 s.
8. Nevskaiia I.A., Tajibaeva S.J., Kozyrev T.A. Tiýrkskie etnosy Qazaqstana: tekuee sostoianie i dinamika razvitiia. // GLOBAL-Turk, 2017. - №1-2.
9. Tenishev E.R. (Otv. red.) Iazyki Mira. Tiýrkskie iazyki. - Bishkek: Kyrgyzstan, 1997. – 543 s.
10. Turmaǵambetova B. Qazaqstandyq qaraqalpaqtardyń salt-dástúri men múzykalyq óneri // Ahiska, - 2013. – C. 6.
11. Borozna N.G. Nekotorye cherty traditsionnoi svadebnoi obriadnosti uzbekov-durmenov iýjnyh raionov Tadjikistana i Uzbekistana // SE. 1969. № 2. S. 80-86.
12. Masson M.E. K istorii gornogo dela na territorii Uzbekistana. – Tashkent: Uzbekgosizdat, 1953. – 231 s.
13. Etnografiia karakalpakov. XIX-nachalo XX veka (materialy issledovaniia). – Tashkent: Fan, 1980. – 203 s.
14. Egizbaeva M.Q. Ózbek jáne qaraqalpaq halyqtarynyń etnomádenieti // «edu.e-history.kz». - 2016. - № 4(08)
15. Tóleybaeva K.M. Qazaq jáne Ortalyq Aziia halyqtarynyń otbasy, otbasylyq ádet-ǵuryp, salt-sanalary (salystymaly-etnografiialyq zertteu): t. ǵ.d. ... diss. avtoreferaty. – Almaty. 2010. – 60 b.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----|
| Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А. ЕР САЙЫН ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ..... | 5 |
| Альжаппарова Б.К. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.)..... | 13 |
| Альжаппарова Б.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ПРОДРАЗВЕРСТКАЛАР» САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ (1918-1921)..... | 24 |
| Әділжанов Н.Б. Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ НЕГІЗІН САЛУДАҒЫ РӨЛІ.. | 32 |
| Әминов Т. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫ (1820–1877) – КҮЙШІ, ДАРЫНДЫ КОМПОЗИТОР, ҰЛТТЫҚ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ..... | 41 |
| Әпендиев Т.Ә., Қоңқабаева А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАР: ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ..... | 56 |
| Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Ғ.С. БАҚСЫ, АБЫЗ, ХАНШАЙЫМ? (Сақ дәуірі әйелінің мәртебесін зерттеу)..... | 68 |
| Далаева Т.Т. МАРАПАТТАУДАН ШЕН АЛУҒА ДЕЙІН: РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ШЕН АЛУ МЕХАНИЗМІ (XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)..... | 76 |
| Жансүгірова Л.Б., Қағыбатқызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О. ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕРТЕ КЕЗЕҢГЕ ЖАТАТЫН СҮЙЕК ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ГАПЛОТОПТАРЫН АНЫҚТАУ..... | 86 |
| Еришева Т.А. АТАТУРІК БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ТҮРКИЯДАҒЫ ЖӘНЕ ПОСТКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ..... | 94 |
| Жайлыбаев Д.Ж. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНАН СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ҮРДІСТЕРІ..... | 100 |
| Жолдыбаев О.М. КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ: ТАРИХЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ..... | 105 |
| Жуманова А.З. XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ТІЛ САЯСАТЫ..... | 112 |
| Кабдушев Б.Ж. НҰРМАҚОВ - ТҮРКСІБКЕ ҚОЛДАУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ..... | 123 |
| Камалов А.К., Ужкенов Е.М. ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТАРИХ (А.А. Галиевтің 60 жылдығына орай)..... | 132 |
| Мұхитов Қ. КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ..... | 138 |
| Мырзабекова Р.С. АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... | 145 |
| Мырзабекова Р.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚАЛАНЫҢ ОРНЫ..... | 154 |
| Мырзатаева З.Б. ҚАРАТАУДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН. XVIII – XIX ҒҒ..... | 161 |
| Ноғайбаева М.С., Тоқсанбаев А.К. КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІНІҢ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ..... | 174 |
| Опабекова Ғ.П. АХМЕД ЙҮГНЕКИДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ..... | 181 |

| | |
|---|-----|
| Ошан Ж. | |
| ТҮМЕН, МӨДЕ БАСТАҒАН ҒҰН ШАНЬЮЙЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕ КӨҢІЛ БӨЛЕТІН ТҮЙТКІЛДЕР..... | 189 |
| Сәкен С.И. | |
| ЕДІГЕ ТУРАЛЫ ЖЫР-АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ..... | 193 |
| Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е. | |
| ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРЫС ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ..... | 206 |
| Төлеубаев Ә.Т. | |
| ГЕРАДОТТЫҢ СКИФТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕҢБЕГІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН КЕЙБІР ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН МӘДЕНИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛДЕР..... | 217 |
| Төлеубаев Ә.Т. | |
| САҚ-СКИФТЕР МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ РӘСІМДЕРІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ..... | 226 |
| Шілдебай С.Қ. | |
| ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ОСПАН БАТЫР..... | 238 |
| Шілдебай С.Қ. | |
| ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ..... | 247 |

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|---|-----|
| Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А. ИСТОРИЯ СОБИРАНИЯ ЭПОСА «ЕР САЙЫН»..... | 5 |
| Альжаппарова Б.К. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.)..... | 13 |
| Альжаппарова Б.К. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ «ПРОДРАЗВЕРСТОК» В КАЗАХСТАНЕ (1918-1921 гг.)..... | 24 |
| Адилжанов Н.Б. РОЛЬ Н.А. НАЗАРБАЕВА В ОСНОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОГО ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА..... | 32 |
| Аминов Т. ДАУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙУЛЫ (1820–1877) – ЗНАМЕНИТЫЙ КАЗАХСКИЙ КЮЙШИ, ТАЛАНТЛИВЫЙ КОМПОЗИТОР, ОДИН ИЗ ОСНОВОПОЛОЖНИКОВ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА ИСПОЛНЕНИЯ КЮЕВ..... | 41 |
| Апендиев Т.А., Конкабаева А.Н. ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАРАКАЛПАКОВ В КАЗАХСТАНЕ..... | 56 |
| Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Ғ.С. ШАМАНКА, ЖРИЦА, ПРИНЦЕССА? (К изучению статуса женщины сакской эпохи)..... | 68 |
| Далаева Т.Т. ОТ ПОЖАЛОВАНИЯ К ПРОИЗВОДСТВУ: МЕХАНИЗМ ПОЛУЧЕНИЯ ВОЕННОГО ЧИНА КАЗАХАМИ В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ (ПЕРВ. ПОЛ. XIX В.)..... | 76 |
| Джансугурова Л.Б., Кагыбаткызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О. АНАЛИЗ ОТЦОВСКИХ И МАТЕРИНСКИХ ЛИНИЙ ДРЕВНИХ ОБЪЕКТОВ ИЗ НЕКРОПОЛЯ ЕЛЕКЕ САЗЫ..... | 86 |
| Еришева Т.А. ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ РЕФОРМ, НАПРАВЛЕННЫХ НА МОДЕРНИЗАЦИЮ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ И НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ В ТУРЦИИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ АТАТЮРКА И ПОСТСОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ..... | 94 |
| Жайлыбаев Д.Ж. ПРОЦЕССЫ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ ИЗ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ НА СЕВЕР..... | 100 |
| Жолдыбаев О.М. ИСТОРИЯ И ФОЛЬКЛОР ОБ ЭПОСЕ «КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ»..... | 105 |
| Жуманова А.З. ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА..... | 112 |
| Кабдушев Б.Ж. НЫГМЕТ НУРМАКОВ - ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО СОДЕЙСТВИЮ СТРОИТЕЛЬСТВУ ТУРКСИБА..... | 123 |
| Камалов А.К., Ужкенов Е.М. ЗНАК И ИСТОРИЯ (К 60-ЛЕТИЮ А.А. ГАЛИЕВА)..... | 132 |
| Мухитов К. ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА КТК..... | 138 |
| Мырзабекова Р.С. ВОЗНИКНОВЕНИЕ ПЕРВЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ В ЕВРОПЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ..... | 145 |
| Мырзабекова Р.С. РОЛЬ ГОРОДА В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЕВРОПЕЙСКОЙ КУЛЬТУРЕ..... | 154 |

| | |
|--|-----|
| Мырзатаева З.Б. | |
| ИСТОРИЯ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ КАРАТАУ. XVIII – XIX вв..... | 161 |
| Ногайбаева М.С., Токсанбаев А.К. | |
| ОБРАЗ ПРАВИТЕЛЯ В ЛЕГЕНДАХ И СКАЗКАХ В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ..... | 174 |
| Опабекова Г.П. | |
| МИРОВОЗЗРЕНИЕ АХМЕДА ЙҮГНЕКИ..... | 181 |
| Ошан Ж. | |
| ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ТЕКСТОЛОГИИ КАСАЮЩИХСЯ ИСТОЧНИКОВ О ТОУМАНЬ, МОДЭ И ДРУГИХ ГУННСКИХ ШАНЬЮ..... | 189 |
| Сакен С.И. | |
| ПОЭМЫ О ЕДИГЕ-ЛЕГЕНДЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА..... | 193 |
| Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е. | |
| РОЛЬ ТАУЕКЕЛ ХАНА В УКРЕПЛЕНИИ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСКИМ ХАНСТВОМ И РУССКИМ ГОСУДАРСТВОМ..... | 206 |
| Толеубаев А.Т. | |
| НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ВЫВОДЫ И КУЛЬТУРОГЕНЕТИЧЕСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ ПО ГЕРОДОТОВЫМ РАССКАЗАМ О СКИФАХ..... | 217 |
| Толеубаев А.Т. | |
| САКО-СКИФСКИЕ И КАЗАХСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ В ПОХОРОННО-ПОМИНАЛЬНЫХ ОБЫЧАЯХ...226 | |
| Шилдебай С.К. | |
| ВОСТОЧНО-ТУРКЕСТАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА И ОСПАН БАТЫР..... | 238 |
| Шилдебай С.К. | |
| ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРАРА РЫСКУЛОВА В КАЗАХСТАНЕ..... | 247 |

CONTENTS

| | |
|---|-----|
| Alpysbaeva K.B., Oralbek A. HISTORY OF COLLECTING THE VERSIONS OF "YER SAIYN" EPIC..... | 5 |
| Alzhapparova B.K. SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921)..... | 13 |
| Alzhapparova B.K. SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921)..... | 24 |
| Adilzhanov N.B. THE ROLE OF N.A. NAZARBAYEV IN THE FOUNDATION OF THE KAZAKHSTANI DEMOCRATIC SOCIETY..... | 32 |
| Aminov T. DUULETKERY SHYGAYULY (1820–1877) – THE FAMOUS KAZAKH KÜYŞİ, TALENTED COMPOSER, ONE OF THE FOUNDERS OF NATIONAL KÜYARTS..... | 41 |
| Apendiyev T., Konkabayeva A. KARAKALPAKS IN KAZAKHSTAN: HISTORY AND CULTURE..... | 56 |
| Bazarbayeva G.A., Jumabekova G.S. SHAMANESS, PRIESTESS, PRINCESS? (ON THE STUDIES OF THE STATUS OF WOMEN IN THE SAKA ERA)..... | 68 |
| Dalayeva T.T. FROM GRANTING THE RANK TO PROMOTION: MECHANISM OF MILITARY RANK OBTAINING BY KAZAKHS IN THE RUSSIAN EMPIRE (1-ST HALF OF THE XIX CENTURY)..... | 76 |
| Djansugurova L., Kahbatkyzy N., Samashev Z., Bekmanov B. THE ANALYSIS OF PATERNAL AND MATERNAL LINES OF ANCIENT OBJECTS FROM ELEKE SAZY NECROPOLIS..... | 86 |
| Yerisheva T.A. THE CONTINUITY OF REFORMS AIMED AT MODERNIZATION OF HISTORICAL MEMORY AND NATIONAL CONSCIOUSNESS IN TURKEY DURING THE REIGN OF ATATURK AND POST-SOVIET KAZAKHSTAN..... | 94 |
| Zhailybayev D. THE PROCESSES OF RESETTLEMENT FROM TURKESTAN REGION TO THE NORTH..... | 100 |
| Zholdybayev O.M. “KENESSARY-NAURYZBAY”: HISTORY AND FOLCLORE..... | 105 |
| Zhumanova A. LANGUAGE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY..... | 112 |
| Kabdyshev B.Zh. NYGMET NURMAKOV - CHAIRMAN OF THE COMMITTEE FOR THE ASSISTANCE OF TURKSIB CONSTRUCTION..... | 123 |
| Kamalov A.K., Uzhkenov E.M. SIGN AND HISTORY (to the 60th anniversary of A.A. Galiyev)..... | 132 |
| Mukhitov K. THE HISTORY OF THE CASPIAN PIPELINE CONSORTIUM CONSTRUCTION..... | 138 |
| Myrzabekova R.S. EMERGENCE OF FIRST UNIVERSITIES IN EUROPE AND ITS PECULIARITIES..... | 145 |

| | |
|---|-----|
| Myrzabekova R.S. | |
| ROLE OF THE CITY IN MEDIEVAL EUROPEAN CULTURE..... | 154 |
| Myrzatayeva Z.B. | |
| HISTORY OF GEOLOGICAL RESEARCH OF KARATAU. XVIII – XIX..... | 161 |
| Nogaybaeva M.S., Toksanbaev A.K. | |
| THE IMAGE OF GOVERNOR IN TALES AND LEGENDS IN NOMADIC SOCIETY..... | 174 |
| Opabekova G.P. | |
| THE WORLD OUTLOOK OF AHMED IUGNEKI..... | 181 |
| Oshan Zh. | |
| MAJOR ISSUES IN RESEARCH OF TEXTOLOGY CONCERNING THE SOURCES ABOUT TUMAN, MODE AND OTHER HUNG SHANU..... | 189 |
| Saken S.I. | |
| THE POEM ABOUT EDDIE-LEGENDS AND HISTORICAL TRUTH..... | 193 |
| Tasilova N.A., Zhappasov Zh.E. | |
| THE ROLE OF KHAN'S TOWEKEL IN STRENGTHENING DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN THE KAZAKH KHANISM AND THE RUSSIAN STATE..... | 206 |
| Toleubayev A.T. | |
| THE HISTORICAL AND CULTURAL CONCEPTS AND CULTURAL-GENETIC PARALLELS ACCORDING TO GERDOT'S RESEARCHES ABOUT SCYTHIAN..... | 217 |
| Toleubayev A.T. | |
| THE SIMILARITIES OF THE SAKA-SCYTHIANS AND KAZAKHS IN BURIAL AND FUNERAL PROCEDURES..... | 226 |
| Shildebay S. | |
| EASTERN TURKESTAN REPUBLIC AND OSPAN BATYR..... | 238 |
| Shildebay S. | |
| THE ACTIVITIES OF TOURAR RYSKULOV IN KAZAKHSTAN..... | 247 |

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 3(19)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.09.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй